ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА ПАВЛОДАРА

ҚАУЛЫ

2026 жылғы 08 қаңтар № 25/1

Павлодар қаласы

Павлодар қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 24 тамыздағы «Павлодар қаласын жайластыру мәселелері бойынша тұрғындардың жобалық ұсыныстарын қарау және іріктеу жөніндегі сараптамалық кеңес құру және оның қызметінің тәртібі туралы» № 1624/5 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы Бюджет кодексінің 85-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі «Бюджеттік жоспарлаудың қағидаларын бекіту туралы» № 208 бұйрығына сәйкес, кадрлық өзгерістерге байланысты Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 24 тамыздағы «Павлодар қаласын жайластыру мәселелері бойынша тұрғындардың жобалық ұсыныстарын қарау және іріктеу жөніндегі сараптамалық кеңес құру және оның қызметінің тәртібі туралы» № 1624/5 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қала әкімдігі қаулысының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

3. Осы қаулыны іске асыру үшін қаржылық шығындар қажет етілмейді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Павлодар қаласы әкімінің міндетін атқарушы **А. Аманов**

001119

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА ПАВЛОДАРА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

08 января 2026 года № 25/1

Павлодар қаласы

О внесении изменений в постановление акимата города Павлодара от 24 августа 2020 года № 1624/5 «О создании и порядке деятельности Экспертного совета по рассмотрению и отбору проектных предложений жителей по вопросам обустройства города Павлодара»

В соответствии со статьей 85 Бюджетного кодекса Республики Казахстан от 15 марта 2025 года, пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», пунктом 3 статьи 65 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», приказом Министра финансов Республики Казахстан от 29 апреля 2025 года № 208 «Об утверждении Правил планирования бюджета», в связи с кадровыми изменениями акимат города Павлодара **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата города Павлодара от 24 августа 2020 года № 1624/5 «О создании и порядке деятельности Экспертного совета по рассмотрению и отбору проектных предложений жителей по вопросам обустройства города Павлодара» следующие изменения:

приложения 1, 2 к указанному постановлению акимата города изложить в новой редакции, согласно приложениям 1, 2 к настоящему постановлению.

2. Настоящее постановление не противоречит действующему законодательству Республики Казахстан.

3. Финансовые затраты для реализации настоящего постановления не требуются.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города.

Исполняющий обязанности акима города Павлодара **А. Аманов**

001120

Павлодар қаласы әкімдігінің
2026 жылғы « 08 » қаңтардағы
№25/1 қаулысына
1-қосымша

Павлодар қаласын жайластыру мәселелері бойынша тұрғындардың жобалық ұсыныстарын қарау және іріктеу жөніндегі сараптамалық кеңестің құрамы

Жұмабаев Маралбек Қалауұлы	«Атамекен - Павлодар» шағын қаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Сараптамалық кеңестің төрағасы (келісім бойынша);
Аманов Ануарбек Дүйсембайұлы	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары; Сараптамалық кеңес төрағасының орынбасары;
Мақсұтов Арслан Әбікенұлы	«Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ММ) басшысының орынбасары, Сараптамалық кеңестің хатшысы;

Сараптамалық кеңестің мүшелері:

Кеңесбаев Кенже Сәдуақасұлы	Павлодар қаласының Құрметті азаматы, Павлодар қаласының соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы (келісім бойынша);
Мұқашева Зәуреш Қуантайқызы	Павлодар қаласының Құрметті азаматы, Павлодар қаласының соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің мүшесі (келісім бойынша);
Байболатова Нұр-Сәуле Ахметқызы	Павлодар қалалық мәслихатының депутаты, «Шаңырақ ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша);
Желнов Михаил Анатольевич	Павлодар қалалық мәслихатының депутаты, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы (келісім бойынша);
Веретнов Игорь Викторович	Павлодар облысы мен Павлодар қаласының Құрметті азаматы, Павлодар қаласының қоғамдық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша);
Гуляев Сергей Николаевич	«Десента» қоғамдық қорының директоры (келісім бойынша);

Сараптамалық кеңестің жұмыс органы:

Беготаева Қадиша Қабылдақызы	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары;
Қапуов Қанат Бийсембайұлы	«Павлодар қаласы экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы;
Оспанов Әбілқасым Бейсенұлы	«Павлодар қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ басшысы;
Шалғұмбаев Жангелді Солтанмұратұлы	«Павлодар қаласы сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысының міндетін атқарушы;
Даутбаев Руслан Қуатұлы	«Павлодар қаласы жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы;
Асылбеков Еламан Асылбекұлы	«Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ басшысы;
Нұрғамисова Айгүл Нұрланқызы	«Павлодар қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы;
Қаржаубай Мақпал Манарбекқызы	Павлодар қаласы әкімі аппаратының баспасөз қызметінің басшысы.

Павлодар қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «08» қаңтардағы
№26/1 қаулысына
2-қосымша

Павлодар қаласын жайластыру мәселелері бойынша тұрғындардың жобалық ұсыныстарын қарау және іріктеу жөніндегі сараптамалық кеңестің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Павлодар қаласын жайластыру мәселелері бойынша тұрғындардың жобалық ұсыныстарын қарау және іріктеу жөніндегі сараптамалық кеңестің (бұдан әрі - Сараптамалық кеңес) ережесі азаматтардың бастамалары мен ұсыныстары негізінде Павлодар қаласының аумағын дамытуға және абаттандыруға бағытталған.

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Әкімдік - Павлодар қаласының әкімдігі;

2) Жоба - Павлодар қаласы әкімдігі ұйымдастырған «Халық қатысатын бюджет» жобасы;

3) Автор - осы Ережеде айқындалған тәртіппен конкурсқа жобалық ұсыныс дайындаған және берген тұлға;

4) Жобалық ұсыныс - бұл Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін, іске асырылуы Павлодар қаласы әкімдігінің құзыретіне жататын және бір бюджеттік жылдың мерзімінен, бөлінген қаржыландыру көлемінен аспайтын және осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделген, авторы берген алдын ала есептеумен ұсынылған жоба түріндегі ұсыныс;

5) Дауыс беру – Павлодар қаласы әкімдігінің Интернет-ресурсында электронды түрде дауыс беру жолымен авторлар берген Жобалық ұсыныстар арасында жеңімпаздарды анықтау процесі;

6) Сараптамалық кеңес - «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша Павлодар қаласы әкімдігінің кеңесші органы;

7) Әкімдіктің ережесі – Павлодар қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі № 510/2 қаулысымен бекітілген «Павлодар қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ереже;

8) Әкімдіктің Интернет-ресурсы - Павлодар қаласы әкімдігінің ресми сайты (https: www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-pvl).

3. Жобалық ұсыныстарды қаржыландыру Әкімдік қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Ағымдағы қаржы жылына бекітілген бюджет шеңберінде халық қатысатын бюджетті іске асыруға жұмсалатын шығыстардың ең төмен көлемі жоғары тұрған бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді, кредиттерді және қарыздарды қоспағанда «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» 07 функционалдық тобы бойынша жоспарланатын бюджет шығыстарының

жылдық көлемінің 10%-нан төмен болмауы тиіс.

5. Жобалық ұсыныстарды іске асыру мерзімі бір бюджеттік жылдан аспауға тиіс.

6. Егер жобаны іске асыру жер телімін пайдалануды көздеген жағдайда, соңғысы аумақтық тиесілігі бойынша Павлодар қаласына тиесілі болуы тиіс.

7. Бір Жобалық ұсынысты іске асырудың шекті құны беру кезінде облыстық маңызы бар қала үшін және (немесе) облыстық маңызы бар қаладағы аудан үшін он бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспауы тиіс.

2. Сараптамалық кеңесті құру тәртібі

8. Сараптамалық кеңес - бұл әлеуетті Жобалық ұсыныстарды іріктеу рәсімін жүзеге асыру, сондай-ақ іске асыру қорытындыларын қарау үшін құрылған Әкімдіктің кеңесші органы.

9. Сараптамалық кеңестің дербес құрамы Павлодар қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

10. Сараптамалық кеңес кемінде 7 адамнан тұрады және оған мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, Павлодар қаласының тұрғындары, қала аумағында қызметін жүзеге асыратын қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

Сараптамалық кеңестің төрағасы кеңес құрамына ұсынылған адамдар арасынан сайланады.

Сараптамалық кеңестің жұмыс органы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес айқындалған.

11. Сараптамалық кеңестің шешімдері оларға төраға, кеңес мүшелері және хатшы қол қойғаннан кейін ол шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Әкімдіктің Интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

12. Сараптамалық кеңес мәжіліс нысанында жұмыс істейді, мәжілістегі барлық шешімдер жиналғандар санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Егер мәжіліске Сараптамалық кеңестің жалпы құрамының 50%-дан астамы қатысса, мәжіліс заңды болып саналады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда, Сараптамалық кеңес төрағасының шешімі шешуші мәнге ие болады. Форс-мажорлық жағдайлар болған жағдайда мәжілістер кейіннен Сараптамалық кеңестің шешімін ресімдей отырып, қашықтықтан өткізіледі.

13. Сараптамалық кеңеске мүшелікті тоқтату өз еркі бойынша немесе жаңа мүшенің ықтимал ұсынымы бар алқалы шешіммен жүзеге асырылады.

14. Сараптамалық кеңестің функциялары:

1) Жобалық ұсыныстың осы Ереженің талаптарына сәйкестігі туралы шешім қабылдау;

2) Жобалық ұсыныстарды алдын ала қарауды жүргізу, қажет болған жағдайда авторларға оларды пысықтау жөнінде ұсынымдар беру;

3) Жоба қаражаты есебінен қаржыландыру үшін берілген Жобалық ұсыныстар бойынша қорытындылар мен ұсынымдар беру;

4) дауыс беруге арналған тізбеге Жобалық ұсыныстарды енгізу жөнінде

шешімдер қабылдау;

5) Жоба есебінен қаржыландырылатын Жобалық ұсыныстардың іске асырылу барысын бақылау, оның ішінде құрылымдық бөлімшелер басшыларының, коммуналдық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың лауазымды адамдарының Жобалық ұсыныстарды іске асыру мәселелері бойынша есептерін тыңдау;

6) өз мәжілістерін жария және ашық өткізу, мәжілістердің хаттамаларын жариялау, Әкімдіктің Интернет-ресурсы арқылы мәжілістің өткізілетін уақыты мен орны туралы алдын ала хабарлау.

3. Жобалық ұсыныстарды беру тәртібі

15. Жобалық ұсыныстарға қойылатын талаптар:

1) Жобалық ұсыныстың атауы бір ұсыныс шегінде қысқаша баяндалуы тиіс және берілетін Жобалық ұсыныстың мақсатына қайшы келмеуі тиіс;

2) Жобалық ұсыныстар келесі критерийлерге жауап беруі тиіс:

бір өтінім - бір объект;

ортақ пайдалану объектісі;

Павлодар қаласының тұрғындары үшін өзектілігі;

мақсат пен нәтиженің келісімділігі;

бюджеттік жыл ішінде іске асыру мүмкіндігі;

3) Жобалық ұсынысты іске асыру Әкімдіктің құзыреті шегінде болуы тиіс.

16. Жобалық ұсыныстар Әкімдіктің электрондық мекенжайына электронды түрде беріледі. Конкурс туралы ақпарат Әкімдіктің Интернет-ресурсында «Халық қатысатын бюджет» бөлімінде орналастырылады.

17. Ағымдағы қаржы жылының 15 қаңтарына дейінгі мерзімде Павлодар қаласының әкімдігі Жобалық ұсыныстарды қабылдау туралы ақпаратты ресми интернет-ресурста және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

Павлодар қаласының тұрғындарынан Жобалық ұсыныстарды жинау ағымдағы қаржы жылының 20 қаңтарынан 1 наурызына дейін жүзеге асырылады.

18. Жобалық ұсынысқа авторға болжамды сметалық есепті, сондай-ақ жоба авторының байланыс деректерін қоса беру ұсынылады.

19. Жобалық ұсыныстың авторы кез келген уақытта өзінің Жобалық ұсынысын қараудан алып тастай алады.

20. Жоба шеңберінде Жобалық ұсыныстар келесі негіздер бойынша қарауға қабылданбайды:

1) тұтас емес, фрагменттік сипаты бар (элементтердің бірін орындау болашақта қосымша элементтерді іске асыруды қажет етеді);

2) Павлодар қаласының даму басымдықтарына сәйкес келмейді;

3) жеке коммерциялық сипаттағы ұсыныстарды іске асыруды көздейді;

4) Павлодар қаласының құрамдас бөліктерінде осыған ұқсас іске асырылған жобалары бар;

5) нормативтік емес лексиканы, жала жабуды, қорлауды, шақыруды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған басқа да әрекеттерді қамтиды.

4. Өтінімдерді іріктеу тәртібі

21. Әкімдік Жобалық ұсыныста қоса бере отырып, келесі санаттар бойынша Павлодар қаласы тұрғындарының өтінімдерін қабылдауды жүзеге асырады:

тротуарларды жайластыру;

балалар алаңдарын орнату;

жаттығу алаңдарын орнату;

футбол, баскетбол, волейбол алаңдарын орнату;

жалпы пайдаланылатын мүкәммалды (орындықтар, урналар) орнату;

балалар аула алаңдарын жарықтандыру;

креативті аялдама кешендерін орнату;

контейнерлік алаңдарды орнату;

қоқыс тастайтын жерлерді жою;

креативті шағын сәулет нысандарының дизайны;

тұрғын үйлердің сәндік жарықтандыруын безендіру;

жаяу жүргіншілер аймағын жайластыру;

санитарияны қамтамасыз ету.

22. Жобалық ұсыныстарды қабылдау мерзімінің аяқталу қорытындысы бойынша Сараптамалық кеңес ағымдағы қаржы жылының 5 сәуіріне дейінгі мерзімде келіп түскен Жобалық ұсыныстарды «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Әкімдіктің Ережесіне сәйкес жобалардың қайталануының болмауы, оларды Әкімдіктің іске асыруға құзыреттілігінің болуы тұрғысынан талдауды жүзеге асырады.

23. Жобалық ұсыныстарды іске асыру бойынша Әкімдіктің құзыреті болмаған жағдайда Сараптамалық кеңес Ереженің 22-тармағында көрсетілген мерзімде Әкімдіктің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне Жобалық ұсыныстарды қоса бере отырып, өтінімдерді жіберу бойынша ұсынымдар шығарады.

24. Іске асырылуы Әкімдіктің құзыретіне кіретін Жобалық ұсыныстарды Сараптамалық кеңестің жұмыс органы тізілімге енгізеді және Павлодар қаласы үшін олардың өзектілігі мен маңыздылығын айқындау бойынша Павлодар қаласы тұрғындарының дауыс беруін өткізу үшін Әкімдіктің Интернет-ресурсында орналастырылады.

Павлодар қаласының кәмелетке толған тұрғындары ағымдағы қаржы жылының 24 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылған Жобалық ұсыныстар бойынша ресми интернет-ресурста электрондық түрде дауыс беруді жүзеге асырады.

Павлодар қаласының бір тұрғыны әрбір Жобалық ұсыныс бойынша бір ғана дауысты пайдалануға құқылы.

25. Дауыс беру рәсімі аяқталғаннан кейін Әкімдік дауыс беру нәтижелерін шығарады. Бұл ретте, Павлодар қаласының 20-дан аз тұрғыны дауыс берген Жобалық ұсыныстар іске асырылуға жіберілмейді.

26. Дауыс беруді өткізу қорытындылары бойынша Әкімдік ұсынылған Жобалық ұсыныстардың саны және әрбір Жобалық ұсыныс бойынша дауыс берген азаматтардың саны туралы мәліметті Әкімдіктің Интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы дауыс беру нәтижелерін шығарады.

Дауыс беру қорытындыларын шығаруды Әкімдік дауыс беру аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

27. Ұсынылған Жобалық ұсыныстардың саны және әрбір Жобалық ұсыныс бойынша дауыс берген азаматтардың саны туралы ақпарат оларды іске асырудың бірінші кезектілігін айқындау, сондай-ақ оларды іске асырудың мүмкіндігі мен орындылығы мәселелерін қарау үшін Сараптамалық кеңеске енгізіледі.

Ұсынылған материалдарды қарауды Сараптамалық кеңес бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша тиісті шешім шығарылады.

Жобалық ұсыныстарды қарау қорытындылары Сараптамалық кеңестің шешімімен ресімделеді.

28. Сараптамалық кеңестің шешімі негізінде Әкімдік қорытындыда айқындалған кезектілік тәртібімен Жобалық ұсыныстарды іске асыруға кіріседі.

5. Жобалық ұсыныстарды іске асыру және ақпаратты жариялау

29. Жобалық ұсыныстарды іске асыру барысы, сондай-ақ оларды іске асыру қорытындылары туралы ақпарат Әкімдіктің Интернет-ресурсында міндетті түрде орналастырылуға жатады.

30. Сараптамалық кеңестің жұмыс органы Жобалық ұсыныстарды іске асыру және Пилоттық жобадан қаржыландыруға байланысты қаражатты пайдалану туралы ақпаратты жариялайды.

Приложение 1
к постановлению акимата
города Павлодара
от «08» января 2026 года
№2511

Состав
Экспертного совета по рассмотрению и отбору проектных предложений жителей по вопросам обустройства города Павлодара

Жумабаев Маралбек Калауович	директор товарищества с ограниченной ответственности «Микрофинансовая организация «Атамекен - Павлодар», председатель Экспертного совета (по согласованию);
Аманов Ануарбек Дюсембаевич	заместитель акима города Павлодара, заместитель председателя Экспертного совета;
Максутов Арслан Абикенович	заместитель руководителя государственного учреждения (далее - ГУ) «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Павлодара», секретарь Экспертного совета;

члены Экспертного совета:

Кенесбаев Кенже Садвакасович	Почетный гражданин города Павлодара, председатель совета ветеранов войны и труда города Павлодара (по согласованию);
Мукашева Зауреш Кувантаевна	Почетный гражданин города Павлодара, член совета ветеранов войны и труда города Павлодара (по согласованию);
Байбулатова Нур-Сауле Ахметовна	депутат Павлодарского городского маслихата, председатель объединения юридических лиц «Ассоциация Шанырак» (по согласованию);
Желнов Михаил Анатольевич	депутат Павлодарского городского маслихат, председатель постоянной комиссии по вопросам жилищно-коммунального хозяйства (по согласованию);

Веретнов Игорь Викторович	Почетный гражданин города Павлодара и Павлодарской области, председатель общественного совета города Павлодара (по согласованию);
Гуляев Сергей Николаевич	директор общественного фонда «Десента» (по согласованию);

рабочий орган Экспертного совета:

Беготаева Кадиша Кабулдаевна	заместитель акима города Павлодара;
Капуов Канат Бийсембаевич	руководитель ГУ «Отдел экономики и финансов города Павлодара»;
Оспанов Абылкасым Бейсенович	руководитель ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Павлодара»;
Шалгумбаев Жангельды Солтанмуратович	исполняющий обязанности руководителя ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Павлодара»;
Даутбаев Руслан Куатович	руководитель ГУ «Отдел земельных отношений города Павлодара»;
Асылбеков Еламан Асылбекович	руководитель ГУ «Отдел физической культуры и спорта города Павлодара»;
Нургамисова Айгуль Нурлановна	руководитель ГУ «Отдел культуры и развития языков города Павлодара»;
Каржаубай Макпал Манарбеккызы	руководитель пресс-службы аппарата акима города Павлодара.

Приложение 2
к постановлению акимата
города Павлодара
от «08» января 2026 года
№ 2511

ПОЛОЖЕНИЕ
Экспертного совета по рассмотрению и отбору проектных предложений жителей по вопросам обустройства города Павлодара

1. Общие положения

1. Настоящее положение Экспертного совета по рассмотрению и отбору проектных предложений жителей по вопросам обустройства города Павлодара (далее – Экспертный совет), направлено на развитие и благоустройство территории города Павлодара, на основании инициатив и предложений граждан.

2. В положении используются следующие понятия:

1) Акимат – Акимат города Павлодара;

2) Проект - проект «Бюджет народного участия», организованный акиматом города Павлодара;

3) Автор - лицо, которое подготовило и подало на конкурс проектное предложение в порядке, определенном данным положением;

4) Проектное предложение - это предложение в виде предлагаемого проекта с предварительным расчетом, поданное его автором, не противоречащее действующему законодательству Республики Казахстан, реализация которого относится к компетенции акимата города Павлодара и не превышающее срок одного бюджетного года, объем выделенного финансирования и оформленное согласно требованиям данного положения;

5) Голосование – процесс определения победителей, среди Проектных предложений, поданных авторами путем голосования в электронном виде на Интернет-ресурсе акимата города Павлодара;

6) Экспертный совет - совещательный орган акимата города Павлодара, по проекту «Бюджет народного участия»;

7) Положение Акимата – Положение о государственном учреждении «Аппарат акима города Павлодара», утвержденное постановлением акимата города Павлодара от 11 апреля 2022 года № 510/2;

8) Интернет-ресурс Акимата - официальный сайт акимата города Павлодара (https: www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-pvl).

3. Финансирование Проектных предложений осуществляется за счет средств Акимата.

4. Минимальный объем расходов, направляемых на реализацию бюджета народного участия, в рамках утвержденного бюджета на текущий финансовый год, составляет не ниже 10% от годового объема расходов бюджета, планируемых по функциональной группе 07 «Жилищно-коммунальное хозяйство», за исключением целевых трансфертов, кредитов из вышестоящего

бюджета и займов.

5. Срок реализации Проектных предложений не должен превышать одного бюджетного года.

6. В случае, если реализация Проекта предусматривает использование земельного участка, последний должен принадлежать по территориальной принадлежности городу Павлодару.

7. Предельная стоимость реализации одного Проектного предложения на момент подачи не превышает для города областного значения и (или) для района в городе областного значения пятнадцати тысяч кратного размера месячного расчетного показателя.

2. Порядок образования Экспертного совета

8. Экспертный совет - это совещательный орган Акимата, созданный для осуществления процедуры отбора потенциальных Проектных предложений, а также рассмотрения итогов реализации.

9. Персональный состав Экспертного совета утверждается постановлением акимата города Павлодара.

10. Экспертный совет состоит из не менее 7 человек, и включает в себя представителей заинтересованных государственных органов, жителей города Павлодара, представителей общественных и иных организаций, осуществляющих деятельность на территории города.

Председатель Экспертного совета избирается из числа лиц, представленных в состав совета.

Рабочий орган Экспертного совета определен согласно приложению 1 к настоящему постановлению.

11. Решения Экспертного совета после их подписания председателем, членами совета и секретарем публикуется на Интернет-ресурсе Акимата и в средствах массовой информации в течение трех рабочих дней со дня его вынесения.

12. Экспертный совет работает в форме заседаний, все решения на заседании принимаются большинством голосов из числа собравшихся. Заседание считается легитимным, если на нем присутствует свыше 50% общего состава Экспертного совета. В случае равного распределения голосов, решение председателя Экспертного совета имеет решающее значение. В случае форс-мажорных обстоятельств заседания проводятся в дистанционном формате с последующим оформлением решения Экспертного совета.

13. Прекращение членства в Экспертном совете осуществляется по собственному желанию или коллегиальным решением с возможной рекомендацией нового члена.

14. Функции Экспертного совета:

1) принимать решения о соответствии Проектного предложения требованиям данного Положения;

2) проводить предварительное рассмотрение Проектных предложений, при необходимости предоставлять авторам рекомендации по их доработке;

3) выносить выводы и рекомендации по Проектным предложениям, поданным для финансирования за счет средств Проекта;

4) принимать решения по включению Проектных предложений в перечень для голосования;

5) контролировать ход реализации Проектных предложений, которые финансируются за счет Проекта, в том числе заслушивать отчеты руководителей структурных подразделений, должностных лиц коммунальных предприятий, учреждений и организаций по вопросам реализации Проектных предложений;

6) проводить свои заседания гласно и открыто, публиковать протоколы заседаний, заблаговременно сообщать через Интернет-ресурс Акимата о времени и месте проведения заседания.

3. Порядок подачи Проектных предложений

15. Требования к Проектным предложениям:

1) название Проектного предложения должно быть изложено лаконично, в пределах одного предложения, и не должно противоречить цели подаваемого Проектного предложения;

2) Проектные предложения должны отвечать следующим критериям:

одна заявка – один объект;

объект общего пользования;

актуальность для жителей города Павлодара;

согласованность цели и результата;

возможность реализации в течение бюджетного года;

3) реализация Проектного предложения должна находиться в пределах компетенции Акимата.

16. Проектные предложения подаются в электронном виде на электронный адрес Акимата. Информация о конкурсе размещается на Интернет-ресурсе Акимата в разделе «Бюджет народного участия».

17. В срок до 15 января текущего финансового года акимат города Павлодара размещает информацию о приеме проектных предложений на официальном интернет-ресурсе и в средствах массовой информации.

Сбор проектных предложений от жителей города Павлодара осуществляется с 20 января по 1 марта текущего финансового года.

18. К Проектному предложению автору рекомендуется приложить ориентировочный сметный расчет, а также контактные данные автора проекта.

19. Автор Проектного предложения может в любой момент снять свое Проектное предложение с рассмотрения.

20. В рамках Проекта не могут приниматься к рассмотрению Проектные предложения по следующим основаниям:

1) не являются целостными, а имеют фрагментарный характер (выполнение одного из элементов в будущем потребует реализацию дополнительных элементов);

2) не соответствует приоритетам развития города Павлодара;

3) предусматривают реализацию предложений частного коммерческого характера;

4) имеют аналогичные реализованные проекты в составных частях города Павлодара;

5) содержат ненормативную лексику, клевету, оскорбления, призывы и другие нормы запрещенные законодательством Республики Казахстан.

4. Порядок отбора заявок

21. Акимат осуществляет прием заявок жителей города Павлодар с приложением Проектного предложения, по следующим категориям:

обустройство тротуаров;
установка детских площадок;
установка тренажерных площадок;
установка футбольных, баскетбольных, волейбольных полей;
установка инвентаря общего пользования (скамейки, урны);
освещение детских дворовых площадок;
замена на креативные остановочные комплексы;
установка контейнерных площадок;
ликвидация свалок;
дизайн креативных малых архитектурных форм;
оформление декоративной подсветки жилых зданий;
обустройство пешеходных зон;
обеспечение санитарии.

22. По итогам окончания срока приема Проектных предложений, Экспертным советом в срок до 5 апреля текущего финансового года осуществляется анализ поступивших Проектных предложений на отсутствие дублирования проектов, на предмет наличия компетентности их реализации Акиматом в соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и Положением Акимата.

23. В случае отсутствия компетенции Акимата по реализации Проектных предложений Экспертным советом в сроки, указанные в пункте 22 Положения, выносятся рекомендации по направлению заявок с приложением Проектных предложений в соответствующие структурные подразделения Акимата.

24. Проектные предложения, реализация которых входят в компетенцию Акимата, вносятся рабочим органом Экспертного совета в реестр и размещаются на Интернет-ресурсе Акимата, для проведения голосования жителями города Павлодара по определению их актуальности и значимости для города Павлодара.

Жителями города Павлодар, достигшими совершеннолетнего возраста, в срок до 24 апреля текущего финансового года осуществляется голосование в электронном виде на официальном интернет-ресурсе по представленным проектным предложениям.

Один житель города Павлодар вправе использовать только один голос по каждому Проектному предложению.

25. После окончания процедуры голосования Акиматом подводятся результаты голосования. При этом, к реализации не допускаются Проектные предложения, за которые проголосовало менее 20 жителей города Павлодара.

26. По итогам проведения голосования, Акиматом подводятся результаты голосования, путем опубликования на Интернет-ресурсе Акимата и в средствах массовой информации сведения о количестве представленных проектных предложений и количестве граждан, проголосовавших по каждому Проектному предложению.

Подведение итогов голосования осуществляются Акиматом в течение трех рабочих дней со дня окончания голосования.

27. Информация о количестве представленных Проектных предложений и количестве граждан, проголосовавших по каждому Проектному предложению, вносятся на Экспертный совет для определения первоочередности их реализации, а также рассмотрения вопросов возможности и целесообразности их реализации.

Рассмотрение представленных материалов осуществляется Экспертным советом в течение одного рабочего дня, по итогам которых выносится соответствующее заключение.

Итоги рассмотрения Проектных предложений оформляются решением Экспертного совета.

28. На основании заключения Экспертного совета, Акимат приступает к реализации Проектных предложений в том порядке очередности, который был определен в заключении.

5. Реализация Проектных предложений и обнародование информации

29. Информация о ходе реализации Проектных предложений, а также итогах их реализации подлежат обязательному размещению на Интернет-ресурсе Акимата.

30. Рабочий орган Экспертного совета обнародует информацию о реализации Проектных предложений и использовании средств, связанных с финансированием из Пилотного проекта.